

Еселі еңбек маусымы

«Жасыл ел» – жобасының жаңа маусымы басталды

«Жасыл ел» еңбек жасағының мақсаты – жастардың күшімен елімізді көгалдандыру, елді-мекен айналасын жасыл ағаштармен көмкеру, көркейту, сонымен қатар жастардың Отанға, жерге, табиғатқа деген махаббатын, патриоттық сезімін ояту.

Ең бастысы, жұмыссыз жастарды еңбекке араластырып, жастар арасындағы жұмыссыздықты төмендету.

«Жасыл ел» жобасы біздің ауданымызда 3 жылдан бері жұмыс жасап келеді. Биылғы жылы еңбек жасағының жұмысы тамыз айының аяғына дейін жоспарланып отыр. Екі жарым айдың ішінде жастарымыз көркейт, тазалау жұмыстарымен айналысады. Жұмысқа 16 жас пен 35 жас аралығындағы жастар орналаса алады.

Мемлекеттік бағдарламаның арқасында биылғы жылы 30 жұмыссыз жас жұмыспен қамтылып, ауданымыздың көгалдандыру жұмыстарын белсене атқармақшы. «Жаса» қоғамдық қорының басшысы Серік Августбаевтың айтуынша жастарымыз жұмысқа белсенді әрі зор ынтамен кіріскен көрінеді.

- Биылғы жылы жұмысқа түруға өтінім хаттар әлі күнге дейін толассыз келуде.



Мемлекеттік бағдарламаның арқасында биылғы жылы 30 жас жұмыспен қамтылды

Өкініштісі, біз тек 30 жауынгерді ғана қабылдай аламыз. Жұмысқа қабылданған жауынгерлердің жасы 16 мен 35 жас аралығында болуы тиіс. 18 жасқа толмаған жастарды ата-анасының рұқсатымен қабылдадық. Жұмыссыз жастар еңбекке араласып, уақыттарын тиімді өткізуде. Атқаратын жұмысты беруші тарап ұсынып, үлкен нәтижеге қол жеткіземіз деген жоспарымыз бар. Жұмыс аса ауыр емес. Барлығы бір үйдің баласындай, ұжымдасып жұмыс жасауда. Біз жасақ сарбаздарын 2 топқа бөліп, жұмыс жасаудамыз. Қазіргі таңда 1 жасақ өз жұмыстарына кірісіп кетті, келесі айда 2 топ жауынгерлерімен бірігіп жұмыс жасаймыз - дейді Серік Августбаев.

Екі жарым айға созылатын жұмыстың қызықты әрі

ауқымды түрде өтетіні анық. Нақты жоспары мен жұмыс уақыттары бекітіліп, жастарымыз аудан орталығын көгалдандыру, гүл суару, орман алқаптары мен өзен жағалауларын қоқыстан тазарту жұмыстарымен айналысатын болады.

- Менің жазғы демалысым пайдалы әрі қызықты өтуде. Жоба мақсатында бекітілгендей, біз жұмыс жасай отыра өзіміздің патриоттық, Отан сүйгіштік қасиеттерімізді дамыту үстіндеміз. Туған жерімізді түрлі қоқыстардан тазалап, гүлдендіру, көркейту жұмыстарына араласып, ел дамуына өз үлесімізді қосудамыз. Мемлекеттік бағдарламаның арқасында жұмыссыз жастарға жұмыс беріліп, еңбекке араласуда. Жұмысымыз қиын емес, қайта уақытымды пайдалы өткізіп жатқаным

мен де, ата-анамда дән риза. Жұмыс барысында өзіме құрбы-құрдас тауып, бірлесіп жұмыс жасап, тәлімгердің бекіткен жоспар-мақсаттарын ұжымдасып іске асырудамыз, - дейді жасақ мүшесі Жанерке Есенова.

Жыл сайынғы «Жасыл ел» еңбек жасағы осылайша Меңдіқара ауданында өз жұмысын бастады. Жас болса да еңбекке кіріскен жастардың атқарар жұмысы мен жауапкершілігі жетерлік.

«Жасыл ел» жастар жасағының сарбазы болу – қазіргі таңда үлкен бедел, олай дейтініміз студенттер бос уақыттарында еліне қызмет етіп, туған жерін гүлдендіруге, тазалауға ат салысып, жазғы демалыстарын тиімді өткізуде.

Ақжан БАЙТҮРСЫНОВА